

«DIGITAL SCHOOL» мұғалімдер арасында командалық облыстық байқау ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «DIGITAL SCHOOL» облыстық байқауының (бұдан әрі — Байқау) мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру тәртібін, өткізу шарттарын, оның қатысушыларына қойылатын талаптарды, бағалау өлшемдерін, қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілейді.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты:

Информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру, инновациялық және цифрлық педагогикалық тәжірибені насихаттау.

Міндеттері:

- Мұғалімдердің заманауи цифрлық құралдарды қолдану қабілеттерін дамыту;
- Командалық жұмыс пен шығармашылық ойлауды жетілдіру;
- Инновациялық педагогикалық жобаларды жүзеге асыруға ынталандыру;

3. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР, ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ.

3.1. Байқауды ұйымдастырушылар - Батыс Қазақстан облысы білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығы.

3.2. Байқауға информатика пәні мұғалімдері қатысады.

3.3. Әр команда 2 мұғалімнен тұрады.

3.4. Команданың атауы болуы тиіс.

3.5. Бір білім беру ұйымынан, бір ауданнан(қала) бірнеше команда қатысуға рұқсат етілмейді.

3.6. Байқау екі кезеңде өткізіледі:

I кезең – аудандық/қалалық (03 - 19 желтоқсан) аралығы. Байқаудың облыстық кезеңіне аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінен пән бойынша (ауданнан/қаладан) 1 жеңімпаз команданың өтініші 22 желтоқсанға дейін жіберіледі. Облыстық байқауға қатысуға өтініш көрсетілген мерзімнен кеш түссе қабылданбайды.

II кезең – облыстық кезең 26 желтоқсан күні өткізіледі.

4. БАЙҚАУДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ

Байқау үш бөлімнен тұрады:

I бөлім – “Digital Quiz” (теориялық бөлім)

Информатика, цифрлық технологиялар және IT-инновациялар бойынша тест тапсырмасын орындайды. Тест 20 сұрақтан тұрады (уақыты – 20 минут). Әр дұрыс жауап – 1 ұпай.

II бөлім – “Code & Logic” (практикалық тапсырмалар)

Командаларға логикалық есептер немесе бағдарламалау элементтері бар шағын практикалық тапсырмалар беріледі (уақыты – 40 минут). Бағалау критерийлері: дұрыстығы, тиімділігі, шығармашылық көзқарас.

III бөлім– “Digital Project” (жобалық кезең)

Командалар «Цифрлық мектеп», «Инновациялық сабақ», «Мұғалімге арналған цифрлық шешім», «AI–Learning Assistant: Оқушыларға арналған жасанды интеллект көмекшісі» тақырыптарының бірінде шағын жоба дайындап келеді.

Жоба форматы: презентация, бейнеролик, веб-сайт, интерактив құрал және т.б.

Қорғау уақыты – 7 минут.

5. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

- | | |
|-------------------------|---------|
| ➤ Теориялық бөлім: | 20 балл |
| ➤ Практикалық тапсырма: | 15 балл |
| ➤ Жобалық кезең: | 15 балл |

6. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ, ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

6.1. Байқаудың қорытындысы бойынша төмендегіше жүлделі орындар белгіленеді:

I орын – 1;

II орын – 2;

III орын – 2.

Номинациялар:

«Ең креативті команда»

«Ең үздік цифрлық жоба»

«Инновациялық идея»

6.2. Байқау жеңімпаздары дипломдармен және грамоталармен марапатталады, қатысушыларға сертификат табысталады.

6.3. Байқау қорытындысы Білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығының <http://bqociso.edu.kz/> сайтында орналастырылады және әлеуметтік желілерде жарияланады.